

«Өзгеміз, бірақ біргеміз!»
Республикалық рэп-байқауының
ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже «Өзгеміз, бірақ біргеміз!» Республикалық рэп-байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсатын, қатысушылар санатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.
2. Байқауға 14-17 жас аралығындағы қатысушылар қатыса алады.
3. Байқауға қатысу **ақысыз негізде**.
4. Байқауды ұйымдастырушы: «El Umiti» қоры» Корпоративтік қоры (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

5. **Байқаудың мақсаты** – жастарға өз ойларын, құндылықтары мен мәдени мұраларын бейнелейтін рэп-импровизация арқылы өзін-өзі көрсетуге арналған платформасын ұсына отырып, Қазақстан халқының достығы мен бірлігін нығайтуға ықпал ету.

III. БАЙҚАУДЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ

6. Өткізу мерзімі: **2025 жылғы 16 сәуірден 14 мамырға (қоса алғанда) дейін.**
7. Қатысушыларға көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай ерекше рэп-туынды (мәтіні – авторлық, басқа жерден көшіріліп алынбаған) шығару және шығарылған туындыны пайдалана отырып бейнеролик дайындау қажет. Дайындалған бейнероликті Instagram, YouTube, TikTok платформаларындағы (өз қалауы бойынша) жеке парақшасына **#Елүміті_премиясы2025** хэштегімен жариялап, Ұйымдастырушының **@el_umiti.kz** парақшасын белгілеуі қажет.
8. Байқауға келесідей бейнероликтер ұсынылуы қажет:
 - қатысушының **жеке қатысуымен**, Байқауға ұжымдық қатысуға жол берілмейді;
 - шығармаларды орындау кезінде музыкалық аспаптарды (домбыра, фортепиано, аккордеон, гитара және т.б.) немесе фонограмманы пайдалана отырып **музыкалық сүйемелдеу** құпталады;
 - ұзақтығы **3 минуттан аспайтын**;
 - қатысушының бейнероликте **80% тікелей қатысуымен**, кадрдан тыс дауысты минималды түрде пайдалану, бейнеролик тек фотосуреттерден тұрмауы керек;

- сапалы (таза дыбыс және айқын бейне);
- креативті көзқарас құпталады, қатысушылар ұлттар арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, музыка мен сөз бізді біртұтас етіп біріктіретінін жеткізе алу керек

Бейнероликті түсіру және монтаждау барысында ерекше идеялар, бірегей баяндау стилін және шығармашылық шешімдер көрсеткен қатысушылардың жұмыстары жоғары бағаланады.

9. Қатысушылар рэп-шығарманың стилін және бейнеролик форматын өздері таңдайды.

10. Қатысуға өтінімді <https://contests.elumiti.kz/> сайтында толтырып, жіберу қажет.

11. Байқауға жеке және заңды тұлғалардың абыройы мен қадір-қасиетін қорлайтын, Байқау тақырыбына сәйкес келмейтін бейнероликтер қабылданбайды. **Бұрын басқа байқаулар үшін жасалған жұмыстар қаралмайды. Бейнеролик пен рэп-шығарма бірегей және осы Байқау үшін шығарылған және түсірілген болуы керек.**

12. Қатысушы Байқау Ұйымдастырушысына бейнероликтерді бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет желісінде жариялауға келісім береді.

13. Бейнероликтерді бағалау Байқау комиссиясы арқылы жүзеге асырылады.

14. Байқау нәтижелері **2025 жылғы 16 мамыр <https://elumiti.kz/>** сайтында және Байқау Ұйымдастырушысының **@el_umiti.kz** Instagram парақшасында жарияланады.

15. Жеңімпаздарға Байқау нәтижелері жарияланғаннан кейінгі 2 күн ішінде посттың астына кері байланыс орнату үшін байланыс деректерін жазып қалдыру қажет.

16. Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде байланысқа шықпаса, Ұйымдастырушы жеңімпазды резервтік тізімдегі қатысушыға ауыстыру құқығын өзіне қалдырады.

17. Байқау қорытындысы бойынша апелляция жүргізілмейді.

18. Үздік бейнероликтердің авторларына Дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19. Ұйымдастырушы осы Ережеге кез келген уақытта өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

20. Байқауға қатысу қатысушылардың осы ережемен толық келісетіндігін білдіреді және олардың жеке деректерін Ұйымдастырушының жинауына, сақтауға және өңдеуіне қатысушының келісімін растайды. Келісім Байқау өту кезеңінде және ол аяқталғаннан кейін екі жылға жарамды.